Кепілді қызмет көрсетудің егжей-тегжейлі ақпараты, авторизацияланған қызмет көрсету орталықтарының байланыс телефондары мен мекенжайлары дүкеннің бұйымды сатып алу кезінде толтырылатын кепілдік талонында көрсетілген.

«Хайер» корпорациясы тұрмыста қолдануға арналған тұрмыстық техника бұйымының ресми қызмет ету мерзімін белгілейді – бұйымның шығарылған күнінен бастап 7 жыл. Өнімнің жоғары сапалылығын, сенімділігі мен қауіпсіздік дәрежесін ескеретін болсақ, пайдаланудың нақты мерзімі ресми мерзімінен анағұрлым артық болуы мүмкін. Бұйымның қызмет ету мерзімі біткеннен соң профилактикалық жұмыстар жүргізу және бұйымды одан ары пайдалану жөнінде кеңес алу үшін «Хайер» корпорациясының Авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

Ашу

1. Кіржуғыш машинаның орауын ашыңыз (суретті қараңыз)

Орау материалын ашқанда, бұйымның кір салатын люгінде, кір жууға арналған құралдарға арналған контейнерінде және басқа да элементтерінде су тамшылары болуы мүмкін. Бұл – бұйымды жасау кезінде әр кіржуғыш машина сапа бақылауынан өтетін болғандықтан, қалыпты жағдай.



Балалардың орау материалдарымен ойнауына рұқсат етпеңіз!

Құралдың тасымалдау кезінде зақымданбағанына көз жеткізіңіз. Механикалық және өзге де зақымдар анықталса – кіржуғыш машинаны құрмас бұрын, бірден сатушыға хабарласыңыз.

2. Тасымалдау болттары

Артқы қабырғасынан төрт тасымалдау болтын гайка кілтінің көмегімен алып тастаңыз.

Тасымалдау болттарын сақтап қойыңыз: олар машинаны келесі ықтимал тасымалдауда қажет болады.



Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

3. Астыңғы қорғаныс панелін құру

Орнатылған пленкадағы орауда, 1-суретте көрсетілгендей, төрт саңылаулы панель бар.




Оны машинаны қолданар алдында бекіту қажет. Ол су өткізбейді және бұдан өзге, шу деңгейін анағұрлым азайтады. 2-суретте көрсетілгендей, кіржуғыш машинаны қырынан жатқызып, төрт аяғын да шешіңіз, панель саңылауларын аяқтарға арналған саңылаулармен беттестіріп, аяқтарды панельге бекітіңіз.

4. Теңестіру

Бұйымды пайдалану процесіндегі тербелістерді, орнынан қозғалып кету және шуды болдырмас үшін кіржуғыш машинаны деңгей бойынша құру қажет, бұл үшін реттелетін төрт аяқ қызмет етеді. Машинаны іске қосар алдында оның қатаң көлбеу күйде болуы үшін, барлық аяқтарының биіктігін реттеңіз. Дұрыс орнату үшін мыналар қажет:

- кіржуғыш машинаны қабырғаға, жиһаз заттарына және басқа да құралдарға тимейтіндей етіп, тегіс және тығыз еденге орнату;
- егер еден кедір-бұдыр болған жағдайда, машинаның күйін оның реттелетін аяқтарын бұрау немесе кері бұрау арқылы теңестіру керек (3-суретті қараңыз). Еденнің кедір-бұдырлығын машинаның астына ағаштан, картоннан және соған ұқсас материалдардан демеуіш төсеу арқылы реттеуге тыйым салынады.

Маңызды! Машинаны кілем төселген немесе түкті жабынды еденге орнатқан жағдайда машинаның астындағы желдеткіш саңылауды түктердің жауып қалмауына назар аудару қажет.



Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

Су құбыры жүйелеріне қосу үшін сізге мамандандырылған қызмет көрсету ұйымдарына хабарласуды ұсынамыз.

4. Суық суға қосу


Кіржуғыш машина су құбырына жаңа жалғауыш түтіктің көмегімен қосылуы тиіс. Ескі түтіктер мен жалғауыштарды пайдаланбаңыз, одан су ағуы мүмкін. Су құбырынан кіржуғыш машинаға су құятын түтікті 1-суретте көрсетілгендей қосыңыз.

- Минималды су қысымы: 0,1 Мпа немесе 1 Бар
- Максималды су қысымы: 1 Мпа немесе 10 Бар

5. Суды ағызуды қосу

Кіржуғыш машинадан канализацияның арнайы өткізгішіне немесе раковинаның ернеуіне жалғанатын ағызу түтігін қосыңыз (2-суретті қараңыз). Ағызу түтігі ажырап кетпес үшін оның ұшын бекітіңіз, бұл судың жерге ағуын болдырмайды. Ағызу түтігінің орналасуы суды ағызған кезде су ағынының үзілісін қамтамасыз етуі тиіс, түтіктің ұшы суға батырылмай жатуы керек. Ағызу түтігінің ұшы машинаның табанынан 80–100 см биікте болуы тиіс.

Егер ағызу түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, оған ұзартқыштар қолдануға болмайды, дегенмен қажет жағдайда оны ұзартуға болады, алайда оның жалпы ұзындығы 400 см-ден аспауы тиіс.



Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

6. Электр желісіне қосу

Электр желілеріне қосу үшін Сізге мамандандырылған қызмет көрсету ұйымдарына хабарласуды ұсынамыз.



Назар аударыңыз! Кіржуғыш машина міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс!

- Кіржуғыш машина айнымалы тоқтың бірфазалы электр желісіне жерге тұйықталған қосполюсті розетканың көмегі арқылы қосылады (розетка жеткізу жинағына кірмейді). Фаза сымы 16 Ампер максималды ток жұмысына есептелген және іске қосылу мерзімі 0,1 секундтен артық емес желінің қорғаныс автоматы арқылы қосылуы тиіс.
- Машинаның болжалды құрылатын орнына жерге тұйықталған, 1,5 мм² кем емес мыс тарамы бар (немесе 2,5 мм² кем емес қалайы тарамдары бар) үшжелілі тартылған кабелі бар розетка жақын болған жағдайда электр желісін түзеу жүргізілмейді. Аталған розетка болмаған жағдайда оны монтаждау жұмысы жүргізілуі тиіс. Жерге тұйықтауды жеке сыммен тартуға болмайды.

Кіржуғыш машинаны алғаш қолданар алдында

Кіржуғыш машинаны электр желісіне алғаш қосар алдында төмендегі жайларға көз жеткізіңіз:

- қорек кернеуінің бұйымның техникалық сипаттамалары тақтасында көрсетілген мөндерге сәйкестігіне;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- розетка кіржуғыш машинаның айырына дәл келе ме, дәл келмеген жағдайда розетканы немесе айырды ауыстырыңыз;
- розетканың электр қауіпсіздігі нормаларына сәйкес жерге тұйықталғанына;
- орнатылғаннан кейін қорек кабелі мен бұйымның айырына еркін жету қамтамасыз етілуі тиіс.
- Қорек кабелі бұратылмауы, тартылмауы, мыжылмауы немесе кіржуғыш машинаның түбінде жатпауы тиіс.
- Ұзартқыштарды немесе көп ұяшықты розеткаларды пайдаланбаңыз

- Кіржуғыш машина үй сыртына немесе электр қауіпсіздігі нормаларын қанағаттандырмайтын үй іштеріне орнатылмауы тиіс.
- Электр розеткасы кіржуғыш машинаның бүйір қабырғасынан 1,5 метрден аспайтын қашықтықта болуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген сақтық шараларын немесе кеңестерді орындамаған жағдайда Өндіруші адамдарға немесе мүлікке келтірілген зиянға кез келген жауаптылықтан босатылады.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар

1. Кіржуғыш машинаны пайдалану жөніндегі осы нұсқаулармен мұқият танысыңыз және оларды келешектегі қолданыс үшін сақтап қойыңыз.

2. Су және электр жабдықтауына қосуды тек білікті мамандар орындау керек.

3. Машинаны тек пайдалану жөніндегі нұсқауларға сәйкес қолдануға болады. Кіржуғыш машинаны құрғақ тазалауға, химиялық тазалауға немесе осы сияқты кез келген мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

4. Тек автоматты кіржуғыш машиналарға арналған жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

5. Машинаны пайдаланудың алдында тасымалдауға арналған тіреуіштерін алып тастаңыз.

6. Айрықша қауіпсіздік шараларының сақталуын талап ететін жөндеуді және қызмет көрсетуді тек білікті мамандар орындау керек.

7. Розеткадан қуат сымын суырғанда желілік сымды емес, штепсельдік ашаны ұстаңыз.

8. Машинаны дымқыл қолмен ұстамаңыз және жалаңаяқ күйде қолданбаңыз.

9. Кіржуғыш машинаның кір салуға арналған люгы кір жуу бағдарламасын орындау барысында ысып кетуі мүмкін, сондықтан жуу кезінде люкке тимеңіз. Машинаны пайдалану барысында балалардың оған жақындауына жол бермеңіз.

10. Кіржуғыш машинаға техникалық қызмет көрсету немесе тазалау барысында машинаны «Қосу/өшіру» түймесі арқылы өшіріп, желілік сымның ашасын розеткадан суырып тастаңыз.

11. Судың біркелкі емес қысымына қатысты ықтимал ақауларға жол бермеу үшін, алғаш рет пайдаланудың алдында су құю түтігі, шүмек және төгу түтігінің жалғанған жерлерін тексеріңіз. Егер жалғанған жерлер тығыз болмай не ағып жатса, су берілуін тоқтатып, ақауды жойыңыз. Кіржуғыш машинаны түтіктері жөнделгенге дейін пайдаланбаңыз.

12. Кір жуу барысында машинаның жуғыш заттарға арналған ыдысын ашпаңыз. Тегіліп жатқан суға жолмаңыз, оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.

13. Люкті күштеп ашпаңыз. Егер су деңгейі люктің мөлдір терезесіне жетіп тұрса, люкті ашпаңыз.

14. Бұл кіржуғыш машина кәсіби емес, тұрмыстық қолдануға арнап жасақталған және оны басқа мақсаттарда пайдалануға болмайды.

Бұйымды орау және утилизациялау

Орау

Орауды утилизациялау барысында қоршаған ортаны қорғау жөнінде ұмытпаңыз.

Бұйымды утилизациялау

Егер кіржуғыш машинаңызды енді пайдалануға болмайтын болып, оны лақтырғыңыз келсе, онда




қоршаған ортаға залал тигізбеу үшін, машинаны дұрыс утилизациялау қажет. Қосымша ақпарат алу үшін жерлікті коммуналдық қызметтерге хабарласыңыз. Егер машина утилизациялауға арналған болса, онда оны енді пайдалану мүмкін болмас үшін электр қуатының сымын корпусқа мейлінше жақынырақ кесіңіз.

Машина утилизациялауы сізді әуреге салмайтындай етіп жобаланып, жасалған.

Бұйымдағы не ораудағы осы белгі бұл бұйымның тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизацияланбауы керектігін білдіреді. Бұйымды электрлік не электрондық жабдық жинау немесе утилизациялау орнына апару керек. Бұйымның дұрыс утилизацияланатынына көз жеткізу арқылы дұрыс емес утилизациядан қоршаған ортаға және адамдар денсаулығына тиюі ықтимал кері әсерге жол бермейсіз.


Осы бұйымды утилизациялау жөніндегі қосымша ақпаратты компанияның сіздің қалаңыздағы кеңсесімен, қалдықтарды жоюмен айналысатын коммуналдық қызметпен немесе бұйымды сатып алған дүкенмен байланысу арқылы ала аласыз.

Кіржуғыш машинаның негізгі бөліктері



Кіржуғыш машинаның сыртқы түрі мен сипаттамалары бұйымның тұтыну сипаттарын нашарлатпай, алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Басқару панелі



Скорость отжима	Сығу жылдамдығы
Задержка старта	Бастауды кідірту
Дополн. полоскание	Қосымша шаю
Интенсивная стирка	Интенсивті жуу
Загрузка	Кірді салу
Старт/пауза	Бастау/Кідіріс
Нажмите и удерживайте 2 секунды для разблокирования дверцы	Есікті бұғаттан шығару үшін 2 секунд басып ұстап тұрыңыз
Предв. Стирка	Алдын ала жуу
Хлопок	Мақта
Синтетика	Синтетика
Шерсть	Жүн
Детское белье	Балалар киімі
Спорт	Спорт
Быстрая стирка	Жылдам жуу
Интенсивное замачивание	Интенсивті сулап жібіту
Полоскание	Шаю
Отжим	Сығу
Вкл.	Қосу
Выкл.	Өшіру

A — кіржуғыш машинаны қосатын не өшіретін түйме.

B — жуу бағдарламаларын таңдау тұтқасы.

C — Бастау/Кідіріс түймесі.

D — кір салмағын өздіңіз таңдайтын түйме.

E — Интенсивті жуу режимінің түймесі.

F — Қосымша шаю режимінің түймесі.

G — Бастауды кідірту режимінің түймесі.

H — жуғыш заттарға арналған бункер.

I — Температура режимін таңдау түймесі.

J — сығу жылдамдығын таңдау түймесі.

K — ақпараттық дисплей.

Жұмыс режимі

Кіржуғыш машинаны қосу/өшіру

Кіржуғыш машинаны қосу үшін А түймесін басыңыз, кіржуғыш машина дисплейі жанады, кіржуғыш машинаны өшіру үшін А түймесін басып, 2 секунд ұстап тұрыңыз.



A

Жуу бағдарламаларын таңдау

Бағдарлама таңдауға арналған В тұтқасын сағат тілінің бағытымен не оған қарсы бұрау арқылы қажетті режимді таңдаңыз (қажетті бағдарламаны таңдау үшін Кір жуу бағдарламаларын таңдау бойынша нұсқаулыққа назар салыңыз).




B

Жуғыш заттарды салу


Алдыңғы панельдің үстіңгі бөлігінде жуғыш заттар салуға арналған бункер орналасқан. Бункердің ішінде үш бөлім бар:

- 1-бөлім: негізгі (жылдам) жуудың жуғыш заттарына арналған. Жуу бағдарламалары үшін пайдаланылады, алдын ала жуу бағдарламасы таңдалған- таңдалмағанына қарамастан жуғыш затты осы бөлімге салыңыз.
- 2-бөлім: кірге күтім жасайтын (крахмалдайтын, жұмсартатын, хош иістендіретін және т.б.) заттарға арналған
- 3-бөлім: алдын ала жуудың жуғыш заттарына арналған. Егер алдын ала жуу бағдарламасын таңдаған болсаңыз, бұл бөлімге жуғыш зат салмаңыз.



Температура режимін таңдау


I түймесі арқылы жууға арналған қажетті су температурасын таңдауға болады. Температура таңдау түймесін басып, қажетті су температурасын таңдаңыз, негізгі дисплейде таңдалған температура мөлшері көрсетіледі. Ақпараттық дисплейде көрсетілетін “-” белгісі суық суда (жылытусыз) жуу режимі таңдалғанын білдіреді.



Жұмыс режимі

Сығу жылдамдығын таңдау

Бұл түйме барабанның сығу барысындағы сізге қажетті айналу жылдамдығын орнатуға мүмкіндік береді. Сығу жылдамдығын таңдайтын J түймесін басып, қажетті сығу жылдамдығын таңдаңыз, негізгі дисплейде оның мөлшері көрсетіледі.



Негізгі дисплей


Дисплейде Сізге қажет барлық ақпарат көрсетіледі: Таңдалған жуу бағдарламасы, жуу кезеңдерінің барысы, қалған жуу уақыты, таңдалған температура, сығу жылдамдығы және т.б. Жуу бағдарламасын таңдағанда дисплейде бағдарлама орындалуының шамаланған уақыты бейнеленеді. Бұл уақыт су құбырынан келетін су температурасына, су қысымының айырмашылығы және т.б. байланысты біраз өзгеруі мүмкін.

Кір сығылғанда барабанда әркелкі таралғандықтан да жуу уақыты ұзаруы мүмкін.

Бастауды кідірту режимі

G түймесін басқаннан кейін таңдалған бағдарламаны көрсететін индикатор жанады. Әр рет басқан сайын интервал 30 минутқа ұлғаяды (0,5-24 сағат). Түймені ұзақ басып тұрса, оны жібергенге дейін кідіріс уақыты өзгере береді.

Бастау кідірісі жуудың аяқталу уақытын көрсетеді. Мысалы: 6:00 — яғни жуу 6 сағаттан кейін аяқталады. (Кідіріс уақыты бағдарлама жұмысының уақытынан асуы тиіс). Жай сығу бұл функцияға енбейді.



G

Қосымша шаю режимі (Балалар киімі түймесі)

F түймесін басу арқылы шаю әрекетін арттыруға болады (максималды: 3 рет). Әр рет басқан сайын шаю әрекеті біреуге артып отырады. Дисплейде P1-ден P3-ке дейінгі индикаторлар көрсетіледі. Егер түймені тағы бір рет басса, функция болдырылмайды және дисплей өшеді. Бұл функцияға жай шаю мен жай сығу кірмейді.



F


Жұмыс режимі

«Интенсивті жуу» режимі

Кірден дақ кетіру қажет болғанда және заттар тым кірлеген жағдайда «Интенсивті жуу» режимін қолдануға болады.


Бұл режим Е түймесін басу арқылы қосылады және онымен бірге сәйкес индикатор жанады. Осы режимді қосқанда негізгі жуу уақыты, шаю әрекеттері мен сығу уақыты көбеюі мүмкін.

Жай шаю мен жай сығу бұл функцияға кірмейді.



Кір салмағын өздігіңізден анықтау (Салу түймесі)

D түймесі (Салу түймесі) арқылы заттардың салмағын өзіңіз анықтай аласыз. D түймесін басқанда негізгі дисплейде салынып жатқан кірдің салмағын көрсететін L -1 мен L –А аралығындағы мәлімет бейнеленеді. Кіржуғыш машина су шығынын, су қызуының уақытын және жуу уақытын автоматты түрде анықтайды.




Бастау/Кідірту түймесі

Кіржуғыш машина қосулы болып, ал жуу бағдарламасы таңдалғанда бағдарлама орындалуын бастау үшін С түймесін басыңыз. Егер жуу барысында С түймесін қайта бассаңыз, индикатор ауық-ауық жанып, жуу процесі тоқтайды (кідіріс режимі). Жууды қайта бастау үшін С түймесін қайта басыңыз.

Ескерту.


Жуу бағдарламасын таңдағанда Жуу бағдарламаларын таңдау жөніндегі нұсқаулыққа назар салыңыз, онда түрлі мата үшін су температурасын, суы жылдамдығын көрсететін стандартты баптаулар көрсетілген.

Кіржуғыш машина қосулы болғанда ол іске қосылса, бұл түймені 2 секунд бойы басып ұстап тұруға болады. Осыдан кейін есікті ашуға болады.



Басқару түймелерін бұғаттау режимі (балалардан қорғау режимі)

Кіржуғыш машина мен оның жұмысын балалардың кездейсоқ араласуынан қорғау үшін, G түймесін (Бастауды кідірту режимінің түймесі) және C түймесін (Бастау/Кідірту түймесі) 3 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Балалардан қорғау функциясын өшіру үшін G және C түймелерін қайтадан бірге басыңыз.



Жуу бағдарламасын таңдау бойынша нұсқаулық

Бағдарлама №		1	2	3	4	5
Бағдарлама атауы		Алдын ала жуу	Мақта	Синтетика	Жүн	Балалар киімі
Мата түрі және кірлену деңгейі		Тым кірленген заттар	Мақта-мата және зығырдан жасалған маталар	Синтетикалық маталар	Жүн маталар	Балалардың мақта-мата киімдері және ішкімдер
Жуғыш заттар	алдын ала жуу	иә	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
	негізгі жуу	иә	иә	иә	иә	иә
	шайғыш	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша	Қалау бойынша
Стандартты баптаулар (сығу жылдамдығы айным, температура		1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME 40°C	1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME 40°C	1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME 40°C	600-HW50-10866, 600-HW50-10866ME, 600-HW50-12866, 600-HW50-12866ME Без нагрева воды	1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME 60°C
Температура		Суды жылытпай, 30°C - 90°C	Суды жылытпай, 30°C - 90°C	Суды жылытпай, 30°C - 60°C	Суды жылытпай, 30°C - 40°C	Суды жылытпай, 30°C - 90°C
Үнемді жуу режимін таңдау мүмкіндігі		1,2,3,4 немесе 5 кг	1,2,3,4 немесе 5 кг	1,2, немесе 3 кг	1 кг	1,2, немесе 3 кг
Қосымша шаю режимін таңдау мүмкіндігі		иә	иә	иә	иә	иә
Бағдарлама орындалатын орташа уақыт		1:46	1:28	1:10	0:50	1:51

Жуу бағдарламасын таңдау бойынша нұсқаулық

Бағдарлама №		6	7	8	9	10
Бағдарлама атауы		Спорт	Жылдам жуу	Интенсивті жібіту	Шаю	Сығу
Мата түрі және кірлену деңгейі		Спорт киімі	Аса кірлемеген мата	Тым кірлеген мата (қосымша жібіту қажет болған жағдайда)		
Жуғыш заттар	алдын ала жуу	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
	негізгі жуу	иә	иә	иә	жоқ	жоқ
	шайғыш	Қалау бойынша	Қалау бойынша	жоқ	Қалау бойынша	жоқ
Стандартты баптаулар (сығу жылдамдығы айн.мин, температура)		1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME 30°C	800-HW50-10866, 800-HW50-10866ME, 800-HW50-12866, 800-HW50-12866ME Без нагрева воды	Сығусыз, шаюсыз, 30°C	1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME Без нагрева воды	1000-HW50-10866, 1000-HW50-10866ME, 1000-HW50-12866, 1000-HW50-12866ME Без нагрева воды
Температура		Суды жылытпай, 30°C - 40°C	Суды жылытпай, 30°C - 40°C	Суды жылытпай, 30°C - 60°C	Суды жылытпай	Суды жылытпай
Үнемді жуу режимін таңдау мүмкіндігі		1,2, немесе 3 кг	1,2, немесе 3 кг	1,2,3,4 немесе 5 кг	жоқ	жоқ
Қосымша шаю режимін таңдау мүмкіндігі		иә	иә	жоқ	иә	жоқ
Бағдарлама орындалатын орташа уақыт		0:25	0:15	0:40	0:24	0:12

Кір жуар алдында

Кір жумас бұрын кейбір пайдалы кеңестермен танысыңыз:

Кірді іріктеу

Кірді кірлеу дәрежесіне, түсіне, матасына қарай іріктеніз.

Киім

Киімді іліп кетпес үшін сыдырма ілгекті бекітіңіз. Түсті жаңа киім оңуы мүмкін, сондықтан оны бірнеше рет басқа кірден бөлек жуу керек. Киімді өңін айналдырып салыңыз, бұл қауіпті және т.б. азайтады. Жуар алдында қалталарды теріс айналдырыңыз және заттарды қалтасын сыртына айналдырған күйде жуыңыз.

Бұйым жапсырмасындағы кір жуу жөніндегі ұсыныстар


Бұйымдардың фабрикалық жапсырмаларында символдармен белгіленген кір жуу жөніндегі ұсыныстарды тексеріңіз.

Түсті мақта

Фабрикалық жапсырмасында жуу символы 60° C деп көрсетілген мақтадан жасалған түсті киім бояғыш заттардың ықтимал қалдықтарынан арылу үшін алғашқы ретте 60° C температурада жуылуы тиіс. Егер бұл кеңеске құлақ аспасаңыз, бұйымның оңу қаупі ұлғаяды.

Бұйымның фабрикалық жапсырмасындағы кір жуу жөніндегі нұсқаулар

Киімнен оның күтімі жөніндегі ұсыныстары бар фабрикалық жапсырмаларды тексеріңіз. Төменде түрлі маталарға және жуылатын кірдің санына сәйкес бағдарламалар көрсетілген.

Жапсырма- дағы белгі	Мата	Бағдарлама	Салу
 95° C	Мақта, зығыр, ақ және солғын түсті киім	Мақта 40° C-тан	1/1
 60° C	Мақта, зығыр, қою және түсті киім	Мақта 60° C	1/1
 40° C	Полиэстер, мақта / полиэстер, нейлон	Синтетика 40° C	1/2
 40° C	Вискоза, ацетат, акрил бояуы тез оңатын киім	Синтетика 40° C	1/2
 30-40° C	Жүн және IWS не Superwash белгілері бар жұқа маталар	Кашемир от 30° C до 40° C	1/3

Кіржуғыш машинаны құрғаннан кейін алғаш рет пайдаланудан бұрын «Мақта» бағдарламасын орнатып, жуғыш ұнтақпен кір жуудың, бірақ кір салмай, сынақ циклін жүргізу ұсынылады.

Кір жуу сатылары

1. Кірді салу. Кір салуға арналған люктің есігін ашып, оған кірді салыңыз. Есігін нық жабыңыз.
2. Жуғыш заттарды қосу. Жуғыш заттарға арналған бункерді ашып, жуғыш заттар мен кондиционердің қажетті мөлшерін сәйкес бөлімшелерге салыңыз, бұдан соң бункердің қақпағын ақырын жабыңыз. «Алдын ала жуу» бағдарламасы үшін жуғыш зат 1 және 3-бөлімшелерге салынуы тиіс, қалған бағдарламалар үшін 3-бөлімшеге жуғыш зат салмаңыз. Кірге арналған кондиционерді аса көп пайдаланбаңыз, өйтпесе жасанды маталар бүлінуі мүмкін.
3. Кір жуу бағдарламасын таңдау. Кір жуудың барынша нәтижесін көру үшін, Кір жуу бағдарламаларын таңдау жөніндегі нұсқаулықтың негізінде кір жуу бағдарламасын таңдаңыз.
4. Қолмен жуу режиміндегі температураны белгілеу. Сіз температураны тіпті алдын ала орнатылған бағдарламаларда да Нұсқаулықта көрсетілген шектерде өзгерте аласыз. Егер Сіз ыстық суды пайдалануды қажет етпесеңіз, белгілеу түймесін * позициясына қойыңыз. Егер судың қажетті температурасы алдын ала орнатылған

температурадан өзгеше болса, оны температураны белгілеу түймесінің көмегімен белгілеңіз.


5. Кір жууды таңдау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес кір жуу бағдарламаларын таңдау тұтқасын сәйкес күйге келтіріп, өзіңізге ыңғайлы бағдарламаны таңдаңыз.
6. Кір жууды қосу. Өзіңіз таңдаған кір жуу бағдарламасын Бастау/Кідірту түймесін басу арқылы іске қосыңыз.
7. Кір жуудың соңы. Кір жуу уақыты соңына жеткенде, кіржуғыш машина жұмысты автоматты түрде аяқтайды. Негізгі дисплейде “END” деген жазу шығады.

Машина люгінің есігі ашылмайды

1. Басты желі ажыратқышы қосулы ма, тексеріңіз.
2. Желіде ток бар ма, тексеріңіз. Сақтандырғыштар мен қорғауыштарды тексеріңіз. Электр қуатының берілуі тоқтатылса, люктің есігін ашуға болмайды.
3. Егер есік қалыпты тәсілмен ашылмаса, оны апаттық жағдайда ашу үшін келесі тәсілдермен әрекет етіңіз:
Машинада су жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер машинада су қалған болса, онда сіз сораптың есігінің сыртына кішкене түтікті суырып алып шығып, ыңғайлы ыдысқа суды ағызып ала аласыз. Негізгі желілік ажыратқыштың өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Ағызу сорабы есігінің сыртында орналасқан пластик сақинаны (бауды, кіржуғыш машинаның модификациясына байланысты) тартыңыз, сонда люк есігі ашылады. Егер бұдан соң да ашылмаса, онда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кіржуғыш машинаның күтімі

Барабанда жағымсыз иістер мен көгерудің пайда болуынан қашу үшін, әр кір жуудың соңында кір салатын люктің есігін жартылай ашық қалдырыңыз. Кіржуғыш машинаны тазалау және баптау кезінде желі ашасын розеткадан суырып тастаңыз. Кіржуғыш машинаның корпусын және пластик пен резеңкеден жасалған бөлшектерін тазарту үшін жұмсақ мата мен сұйық сабын ерітіндісін пайдаланыңыз. Органикалық химиялық заттар мен тотықтырғыш еріткіштерді пайдаланбаңыз. Жуғыш заттарға арналған ыдысты сумен үнемі шайып тұрыңыз, бұл жағымсыз иістерді болдырмауға көмектеседі.



Суды ағызу сорабының сүзгішін тазалау

Сүзгішті айына бір рет тазартып тұрыңыз

Сүзгіш пен суды ағызу сорабын тазарту төмендегідей жолмен жүзеге асырылады:

1. Кіржуғыш машинада су жоқтығына және оның электр желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.


2. Суды ағызу сорабының есігін, 1-суретте көрсетілгендей, жалпақ бұрауыштың көмегімен ашыңыз.

3. 2-суретте көрсетілгендей, сораптың есігінің сыртындағы кішкене төгу түтігін суырып алып шығып, суды шағын ыдысқа ағызып алыңыз. Орнына кіші төгу түтігінің бұқтырмасын орнатыңыз.

4. Суды ағызу сорабын оның қақпағын сағат тілінің бағытына қарама-қарсы бұрай отырып ашыңыз (3-сурет).

5. Суды ағызу сорабының сүзгіші (4-сурет) мен корпусынан барлық бөгде заттарды алып тастаңыз. Сораптың ішінде орналасқан қалақтардың еркін айнала алатындығына көз жеткізіңіз.

6. Суды ағызу сорабының сүзгішін орнына кері ретпен бекітіңіз де, есігін жабыңыз (5-сурет).



Қызмет көрсету орталығына хабарласпас бұрын, осы тарауды оқып шығыңыз. Болымсыз ақаудың себебін өзіңіз тауып, ақауды өзіңіз жоюыңыз да мүмкін.

Мәселе	Ықтимал себеп
Кіржуғыш машина бағдарламаларды орындамайды.	Розеткаға нашар жалғану. Электр қуатының болмауы. Люк есігі жабылмаған. Кіржуғыш машина қосылмаған.
Кіржуғыш машина су жинамайды.	Су берілмеуде, шүмек жабық. Су қысымы жеткіліксіз. Су құятын түтік қысылып қалған, қатты бұралып кеткен. Су берілмеуде. Бағдарлама дұрыс орнатылмаған. Люк есігі жабылмаған.
Кіржуғыш машинаға су толтырғанда сусіңгішке су ағады.	Төгу тетігінің ұзындығы 80 см-ден кем. Ұсынылатын ұзындық – 80-100 см. Сусіңгіш түтік ұшы суда жатыр.

Ықтимал ақаулар

KZ

Мәселе	Ықтимал себеп
Кіржуғыш машина су төкпейді.	Төгу түтігі қысылып қалған, бұралып кеткен. Төгу түтігінің ұшы машина негізінен 100 см жоғары орналасқан. Төгу сорабының сүзгіші тығындалып қалған.
Жуу бағдарламаларының орындалуы барысындағы күшті діріл.	Тасымалдау болттары шешілмеген. Кіржуғыш машина тегіс емес жерге қойылған. Машинаға 5 кг-дан артық кір салынған.
Жуу процесі соңғы кезең аяқталғанына дейін тоқтап қалады.	Мәселе суға және/не электр желісіне қатысты. Кіржуғыш машина негізгі дисплейде ақаулық кодын көрсетеді.
Барабанда көпіршіктің шамадан тыс көп болуы.	Қолданыстағы жуғыш зат қолмен жууға арналған. Жуғыш зат тым көп салынған.

Ақаулықтар кодтары

Осы кіржуғыш машина бағдарламаларды орындау барысында өзіндік диагностика жүргізе алады, жұмыста ақау туындаған кезде негізгі дисплейде ақаулық коды көрінеді:

ERR1	Люктің есігі жабылмады.	Люктің есігін жабыңыз.
ERR2	Суды ағызудағы қателік.	Су ағызатын сораптың сүзгішін тазартыңыз, төгу түтігі қысылып қалмаған ба, тексеріңіз. Егер қателік жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR3	Температура датчигі мәселелері.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR4	Жылыту элементі мәселелері.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR5	Су алу проблемалары, толу уақыты 8 минуттан артық.	Шүмек пен су қысымын тексеріңіз. Егер қате ақау жойылмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR6	Электродвигатель жұмысында қателік бар.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR7	Электродвигательмен мәселе туындауда.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR8	Су деңгейі қалыпты шамадан асып кетті.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
ERR10	Су деңгейінің датчигі дұрыс жұмыс істеп тұрған жоқ.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
UNB	Кір барабанда біркелкі емес орналасқан, сығуды бастау мүмкін емес.	Кірді біркелкі етіп орналастырыңыз.

Қосымша белгілер:

End — бағдарлама толығымен аяқталды.

1 16 — жуатын қалған уақыт 1:16 мин.

Lock — люк есігі бұғатталған.

Арнайы функциялар

Электр қуаты өшкенде есте сақтау функциясы:

Егер жуу барысында электр қуаты өшіп қалатын болса, кіржуғыш машина ағымдағы баптауларды есте сақтап, электр қуаты берілгеннен кейін жұмысты қалпына келтіре алады.

Арнайы күтім

Сығу барысында кір біркелкі емес орналасқан болса, кіржуғыш машина дірілей бастауы мүмкін, кірді біркелкі етіп


таратып, сығуды қайта бастаңыз; машина дірілдемес үшін сығудың алдында кірдің шатасып, байланып, қалмағанын тексеру керек және оны біркелкі етіп салып, «қалыпты сығу» функциясын қосу керек.

Егер киім аз болса, сығу процесі басталмауы мүмкін. Киім қосып, оны біркелкі етіп салып, одан кейін сығуды қосу керек.


Кіржуғыш машинаны тасымалдау

Егер машинаны алыс қашықтыққа тасымалдау керек болса, оны зақымдамас үшін құру алдында алынып тасталған тасымалдау болттарын орындарына орнатыңыз (суретті қараңыз).

1. Пластик бұқтырмаларды суырыңыз.



2. Тасымалдауды іске асыру үшін тасымалдау болттарын орнатыңыз.



Техникалық сипаттамалар

Модель		HW50-10866, HW50-1086ME	HW50-12866, HW50-1286ME
Қуат тұтыну класы		A	A
Жуу класы		A	A
Сығу жылдамдығы	айн./мин	1000	1200
Бағдарлама саны		10	10
1 жууда шығындалатын электр қуаты	кВтс	0,95	0,95
1 жууда шығындалатын су көлемі	л	46	46
Есік диаметрі	см	32	32
Шу деңгейі	дБ	71	71
Көлемі (биіктігі x ені x тереңдігі)	см	85 x 59,5 x 45	85 x 59,5 x 45
Салмағы	кг	62	62
Ораудағы көлемі (биікт. x ені x тереңдігі)	см	92 x 68,2 x 55,7	92 x 68,2 x 55,7
Ораудағы салмағы	кг	71	71
Салуға болатын кір көлемі	кг	5	5
Кейінге қалдырылатын жуу		24 с	24 с
Индикация		LED дисплей	LED дисплей

Кепілді және кепілдік мерзімінен кейінгі қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету немесе қосымша жабдықтар сатып алу жөніндегі сұрақтарыңызды «Хайер» ақпараттық орталығына келесі телефондар арқылы қоюыңызды өтінеміз:

8-800-200-17-06 (Ресей бойынша қоңыраулар тегін), **8-495-661-67-08** (Мәскеу және Мәскеу облысынан шалынатын қоңырауларға арналған), **8-8000-8000-11** (Қазақстан бойынша шалынатын қоңыраулар үшін) немесе Хайер авторизацияланған қызмет көрсету орталықтарының біріне немесе бұйымды сатып алған сатушыңызға хабарласыңыз.

Келеңсіз жағдайларды болдырмас үшін бұйымды пайдаланбай тұрып, Пайдалану жөніндегі нұсқаумен мұқият танысуды ұсынамыз.

Тұтынушының кепілдік мерзім біткеннен кейінгі талаптарын орындау қолданыстағы заңдарға сәйкес іске асырылады.

Ораудағы заттар тізімі

1. Су жіберуге арналған түтік 1 дана.
2. Төгу түтігінің бекіту қысқышы 1 дана.
3. Пайдалану бойынша нұсқау 1 дана.
4. Кепілдік талоны 1 дана.

Haier

Изготовитель:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP.,LTD
«Хайер Электрикал Аплиансес Корп. Лтд.»

Адрес Изготовителя:

Haier Group,Haier Industrial Park, No 1, Haier
Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
Хайер Индастриал Парк, Хайер Роад, Хай-тех
Зоне, Циндао, 266101, КНР

Импортер:

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортера:

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8,
оф. 1601, БЦ Лотте Плаза

Өндіруші:

ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD
«Хайер Электрикал Аплиансес Корп. Лтд.»

Өндіруші мекенжайы:

Haier Group,Haier Industrial Park, No 1, Haier
Road, Hi tech Zone, 266101, Qingdao, P.R.
China
Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек
Зоун, Циндао, 266101, ҚХР

Импорттаушы:

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

Импорттаушы мекенжайы:

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй,
1601, «Лотте Плаза» бизнес-орталығы

Филиалы Изготовителя (код филиала Изготовителя указан на Изделии):

"Qingdao Haier Drum Washing Machine Co., Ltd.", Китай
No 1, Haier Road, Haier Industrial Park, Qingdao, Hi-tech Zone, 266101, P.R. China



"Haier Overseas Electric Co., Ltd.", Китай
No 1, Haier Road, Haier Industrial Park, Qingdao, 266101, P.R. China

Өндіруші филиалдары (Өндіруші филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

"Qingdao Haier Drum Washing Machine Co., Ltd.", Қытай
No 1, Haier Road, Haier Industrial Park, Qingdao, Hi tech Zone, 266101, P.R.
China



"Haier Overseas Electric Co., Ltd.", Қытай
No 1, Haier Road, Haier Industrial Park, Qingdao, 266101, P.R. China